# НУРА

№38 (5225) сенбі
17 қыркүйек 2011 жыл

Газет 1963 жылдан бастап шығады Аудандық қоғамдық саяси газеті

## ПРОРЫВ – НА НОВЫЙ ПЕРЕДЕЛ

2020 НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ

Казахстан на пороге прорыва – открытия нового направления в металлургии, которая, как известно, является приоритетной отраслью Государственной программы форсированного индустриально-инновационного развития (ФИИР). В ближайшем в республике может появиться возможность организации производства принципиально других переделов – высоколегированной стали. Такой прорывной успех стал итогом кропотливой работы АО «Национальное агентство по экспорту и инвестициям KAZNEX INVEST» Министерства индустрии и новых технологий РК с германским металлообрабатывающим и машиностроительным холдингом Georgsmarienhutte Holding GmbH.Немецкие промышленники готовы поделиться своими технологиями, инвестициями, помочь с подготовкой кадров.

В районном акимате

## РАССМОТРЕНЫ НАСУЩНЫЕ ВОПРОСЫ

ПРОГРАММА ЗАНЯТОСТИ 2011-2020

**13 сентября в зале заседаний районного акимата под председательством акима района С.Шайдарова с участием руководителей районных отделов, предприятий и организаций, акимов сел и поселков состоялось совещание, на котором были рассмотрены вопросы реализации в районе Программы занятости-2020, формирования стабилизационного фонда продовольственных товаров.**

С информацией по первому вопросу выступила начальник районного отдела занятости и социальных программ Г.Жупенова, отметив, что сумма средств, выделенная республиканским бюджетом на реализацию Программы занятости-2020, составляет 242056 тыс. тенге.

- Определена прогнозная численность самозанятого, безработного и малообеспеченного населения для возможности участия в Программе. По данным статистики численность самозанятого населения составила-8244 чел, безработные-798 чел. Фактически всего по району количество составило – 4810 чел., из них самозанятые – 3862 чел., безработные – 709 чел., малообеспеченные – 239 чел. Общая прогнозная численность потенциальных участников Программы занятости-2020 в 2011 году составляет 186 человек. Из них: участники *1 направления: - 37 чел. (самозанятые – 21, малообеспеченные – 1, безработные - 15)*; участники 2 направления: - 51 чел. (самозанятые – 51); участники 3 направления: - 28 семей/98 чел. (самозанятые – 53, малообеспеченные – 45), - сообщила Г.Жупенова.

Что касается реализации в районе Программы занятости-2020, проводятся следующие мероприятия. По первому направлению «Обучение и содействие в трудоустройстве самозанятого, безработного и малообеспеченного населения»: 2398 тыс. тенге выделено на профподготовку, переобучение и повышение квалификации 15 человек, 2860 тыс. тенге на субсидирование заработной платы (социальные рабочие места).

По второму направлению «Содействие развитию предпринимательства на селе»: для организации микрокредитования в 2011 году из средств республиканского бюджета выделены 51,0 млн. тенге. На данный момент в Центр занятости обратились 62 безработных и самозанятых граждан, желающих организовать свое дело и получить микрокредит.

По третьему направлению «Повышение мобильности трудовых ресурсов»: На финансирование строительства и приобретение типового арендного жилья на 2011 год за счет республиканского бюджета предусмотрено 134825,0 тыс.тенге, в том числе на строительство домов 107800 тыс.тенге, подведение инженерно-коммуникационной инфраструктуры 27025 тыс.тенге. В районном центре п.Киевка начато строительство 16-ти квартирного дома, 6 двухквартирных домов и подводка инженерных сетей. В текущем году планируется переселить 28 семей/ 98 человек, 64 человека трудоспособного населения, из них 26 человек имеют специальности.

О формировании стабилизационного фонда продовольственных товаров сообщил заместитель акима района Б.Шайжанов:

- Необходимо формировать запасы основных продуктов питания в количестве 20 % от 4-х месячного потребления района. Для нашего района картофель – 117,4 тн, морковь – 30 тн, лук репчатый – 31,2 тн, сахар – 24,7 тн, рис – 15,6 тн, гречневая крупа – 4,5 тн, растительное масло – 14,8 тн. АО «Агроконсалтинг и К» предлагает формировать 7,8 тонн риса, или 50 % запаса, 0,5 тонн гречневой крупы, или 8 % запаса, 21 тонна сахара, или 85 % запаса, 12,5 тонн растительного масла, или 85 % запаса, 7,8 тонн лука репчатого, или 25 % запаса. Остальные 7,8 тонн риса, 4 тонны гречневой крупы, 4 тонны сахара, 2 тонны растительного масла, 23 тонны лука репчатого предлагает формировать за счет районного бюджета на сумму 4483,0 тыс. тенге.

Аким района С.Шайдаров подверг критике работу районного Центра занятости, и, закрывая совещание, дал соответствующие поручения и поставил ряд задач.

**Бикен АХМЕТОВА**

**РЕШЕНИЕ**

председателя тридцать восьмой сессии Нуринского районного маслихата

пос. Киевка № 38 13.09.2011 г.

О созыве очередной тридцать восьмой сессии Нуринского районного маслихата

Созвать тридцать восьмую очередную сессию Нуринского районного маслихата 21 сентября 2011 года в 11:00 часов в актовом зале районного акимата.

**Председатель тридцать восьмой сессии районного маслихата** **Г.Прокоп**

**СООБЩЕНИЕ**

На рассмотрение очередной XXXVIII сессии районного маслихата 21 сентября 2011 года вносятся следующие вопросы:

1. Отчет акима Нуринского района о выполнении возложенных на него функций и задач
2. Разное

**Секретарь районного маслихата** **Е.Туранов**

## ҚҰРМЕТТІ НҰРАЛЫҚТАР!

*Ел тәуелсіздігінің 20 жылдығымен тұспатұс келген дауылпаз ақын, ұлт мақтанышы Қасым Аманжоловтың 100 жылдық мерейтойын өткізуге ауызбіршілік танытып ат салысқан, сүбелі үлестерін қосқан шаруашылық, кәсіпорын, бюджеттік мекеме басшыларына Нұра елінің шашбауын көтеріп, абыройын асқақтатқан, барша ел азаматтарына зор алғысымды білдіремін.*

*Баршаңыздың отбастарыңызға амандық, денderіңізге саулық тілеймін.*

*Туған жерді ардақтап, жырымен мәртебесін көтерген, елдің бірлігін, ердің ерлігін ту еткен ақын тойына жасаған бұл еңбектеріңіз ел тәуелсіздігінің мерейтойына қосқан үлестеріңіз деп білемін.*

*Аса құрметпен,*
*Нұра ауданының әкімі Серік Шайдаров*

Қазақстан тәуелсіздігіне 20 жыл

## "СЕН НЕТКЕН БАҚЫТТЫ ЕДІҢ КЕЛЕР ҰРПАҚ!"

**Қазақ әдебиетінің тарихына есімі ерек жазылған хас тұлға Қ.Аманжоловтың ғасырлық мерейтойы облыс көлемінде аталып өтті. Қарағанды қаласының қақ ортасынан еңселі ескерткіші бой көтерді. Осының бәрі – асылды ардақтаудың, барды бағалаудың көрінісі, ақиық ақынға деген ел құрметінің айқын белгісі. Бұл күнде халықтың сүйікті ақынының жарқын бейнесі ел жүрегінде.**

**Мерейтойдың негізгі бөлімі Кент тауларының бөктерінде жалғасты.**

**Ол тойға нұралықтар да өздерінің қомақты үлестерін қосып, аудан әкімі Серік Жаманқұлұлы Шайдаров бастап барып қайтты.**




Ұлы ақынның тойына Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Нұрлан Оразалин мырза бастаған, бүгінгі ұлттық әдебиетіміздің көрнекті тұлғалары Қ.Жұмаділов, М.Шаханов, С.Сматай және И.Сапарбай, Ж.Бөдеш сынды қаламгерлер, қазіргі рух майданының алғы шебінде жүрген Ғ.Жайлыбай сияқты ақын-жазушылар, белгілі қоғам қайраткерлері – республика Парламентінің мүшелері Қ.Сұлтанов, Қ.Сағадиев, Ғ.Есім, т.б. депутаттар мен «Түріксой» халықаралық ұйымының президенті Д.Қасейінов, ақынның қыздары Жанна мен Дариға, ақынның жан досы Сырбайдың ұлы мен сырлас інісі Ғафудың жары, туыстары, басқа да қадірлі меймандар келіпті.

Кент тауларының бөктеріндегі салтанатты шараны ҚР Мәдениет министрі Мұхтар Құл - Мұхаммед ашып, ҚР Президенті Н.Назарбаевтың арнайы құттықтауын жеткізді.

Одан соң сөз кезегін облыс басшысы Серік Ахметов алып былай деді:

- Қаншама қиын замандарды басынан өткерген Алаш жұрты – шартарапқа сауын айтып, ел тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойына дайындалуда. Жиырма жылда жиырма ғасырға татырлық ірі-ірі қадамдар жасалды.

Бұл - бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, Қазақстанды сүттей ұйытып отырған тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың егемені елімізге сіңірін жатқан ерен еңбегінің нәтижесі. Ұлт көшбасшысының салиқалы саясатының арқасында өркениетті елдермен деңгейлестік. Байырғы қазақ жерінде ұлы мемлекет орнаттық. Бабаларымыздың аңсап кеткен арманына жеттік.

Ғасырлар тізбегіне үн қосқан Қасым ақынның әдеби мұрасы халқымыздың тағдырына із қалдырып, көкірегінде сәулесі бар жандардың ойына орда тікті. Жасындай жырларға сусындап өскен ұрпақ Қасым өлеңдерінің кәусарына қанып, ақын талантына бас иді.

Қарағанды өңірінде Қасым мерейтойына қатысты көптеген игі шаралар қолға алынды. Облыс орталығында ақын ескерткішінің бой көтеруі, жыр жинақтарының қайтадан басылып шығуы, деректі фильмдер түсіріліп, ақынның шығармашылығына арналған кітаптар, арнайы сайт, «Қасым» әдеби журналы жарық көрді. Осының бәрі – асылды ардақтаудың, барды бағалаудың көрінісі, ақиық ақынға деген ел құрметінің айқын белгісі.

Одан соң халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, ҚР Жазушылар Одағы Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Қ.Аманжоловтың өмірбаяны мен шығармашылығы жайында мазмұнды баяндама жасады.

**Жалғасы 2-ші бетте**




# ҚАЗАҚ ТІЛІМ, ӨРКЕНДЕ

**Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен!**
**Нұрсұлтан Назарбаев**

Азаттықтың таңы атқалы 20 жылдың жүзі болды. Бұл мереке әрбір қазақстандықтардың кеудесін қуанышқа бөлейді, асқақ сезімге жетелейді. Осынау тәуелсіздігіміздің тұғыры бекіп, еліміз еңсесін көтерген тұста мемлекеттік тілдің мәртебесі үшін біраз ауқымды істердің атқарылғаны анық. Осы уақыт аралығында тіл мәселесі төңірегінде барша Қазақстан жерінде көптеген шаралар өткен болатын. Жыл өткен сайын ана тіліміздің мәртебесі өсіп, абыройы арта түсуде.

Олай дейтін себебіміз жыл сайын өтетін тілдер мерекесі қарсаңында ұлт болып, ұлық болып осы мейрамды тойлайтынымыз анақ. Сонымен қоса жыл бойы өткізетін шаралар да баршылық. Зиялы қауым да, түрлі қоғамдық қозғалыстар да тіл проблемасын шаршамай-талмай көтеріп, өз ұсыныстар жасаумен келеді...

...Соның өзінде де «Әттеген-ай!» дейтін кездер жетіп артылады. Ана тілі үшін істеліп жатқан істерге қарамастан тіл мәселесі әлі күнге дейін шешіле қойған жоқ десек қателеспес едік. Басқа ұлтты санамай қазақтың өзі, өз ішінен жарылып, екі ұлтқа бөліну үстінде. Бұл ешкім де жоққа шығара алмайтын факті, күнделікті көзіміз көріп жүрген проблема.

Біз осы уақытқа дейін тіл үйретуді, қазақтың салт-дәстүріне бейімдеуді балабақша мен мектептен, яғни төменнен бастадық. Бұл үрдіс өте жақсы нәтиже берді. Қазір біздің жастарымыздың басым бөлігі – қазақтың тілін, дінін, мәдениетін бойларына сіңіре бастады. Сол секілді мемлекеттік мекемелердегі қызмет істейтін қазақтардың саны кемінде тоқсан пайыздан асады. Бірақ сол көп қазақ күнделікті жұмыста, қызмет бабында бір-бірімен орысша сөйлеседі. Неге бұлай?!. Тіпті Елбасы барлық қазақ бір-бірімен қазақша сөйлессін деп атап айтты ғой.

«Өз тілін сезбеген бала – ана сүтін татпаған жетіммен тең» - деп Бауыржан ағамыз айтпақшы тілді менсінбей немесе мүлдем түсіне алмай жүрген тірі жетімдердің саны да артылып жатыр. Ауызекі сөйлеу тілді қойып, іс қағаздардың өзіне көз жүгіртсек әлі күнге дейін кей жерлерде қолға алынбай отырған басты мәселе екенін байқаймыз. Сонымен қатар тілдің бүгіні мен болашағы туралы түрлі басқосулар мен мәжілістерде көсіле сөйлеп, түрлі ұсыныс білдіріп, ауызша жанашырлық танытушылар өте мол. Баспасөз бетінде, радио мен теледидардан неше-түрлі жақсы ұсыныстар айтып, белсенділік көрсетушілер де аз емес. Ал бірақ, осы ұсынастар мен мақсат-міндеттерді күш біріктіріп, уақыт бөліп қолмен атқаруға қызу кірісуге ынталы азаматтар өте сирек.

Тіл – халықтың жаны. Тіл құрыса, халық та жер бетінен жоғалады. Адамзат тарихында көптеген өркениетті елдердің өшіп кетуі алдымен тілді жоғалтудан басталғанын ғылым дәлелдеп отыр. Тілі мен дінінен айырылған ондай жан рухани кемтарлығын, адамдық болмысын түсінбей, көлденең көк аттының қолжаулығына айналады.

Ана тіліміздің тағдыры үшін күресте халқымыз қам-қарекетсіз болған емес.

Жиырмасыншы жылдары тіл тәуелсіздігін ту етіп көтерген Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мұхтарлар т.б сексенінші жылдардың аяғында бостандықтың лебі білінісімен басталған бүкілхалықтық қозғалыс соның айғағы.

Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!
Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен – тілім,
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім.
Тарап кеткен балаларыңды бауырыңа

Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім! – деп жырлап кеткен Мағжанда туған тіліміздің біздің бірінші бақытымыз, бірінші ырысымыз екенін дәл айтқан. Тіл – қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы. Тіл болмаса сөз болмайды. Сөз болмаса адамзаттың тірлігінде мән-маңыз болмайтыны белгілі. Демек, тілдің, сөздің орны ерекше. Міне, осы орайда ана тіліміз жайлы терең ойлану әрқайсымыз үшін парыз.

Ана тілі халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі...

**Өмірхан НАҚЫПОВ**

# "СЕН НЕТКЕН БАҚЫТТЫ ЕДІҢ КЕЛЕР ҰРПАҚ!"

**Жалғасы. Басы 1-ші бетте.**

- Алаштың аты аңызға айналған ақиық ақын Қасым Аманжолов өзінен бұрынғы ақындық дәстүрді ілгері дамыта отырып, қазақ поэзиясына Абай, Сұлтанмахмұт, Мағжаннан кейін зор үлес қосып, жаңалық әкелген алып тұлға.

Шығармашылығының көркемдік-эстетикалық деңгейі жоғары, қазақ әдебиетіне жаңаша леп қосқан Қасым – басқа жұрттан бөлек, басқа ақындардан әлдеқайда биік тұр. Өзінің шыншыл да сырлы, буырқанған дауылды поэзиясымен жырсүйер қауымның ыстық ықыласына, сүйіспеншілігіне бөленген біртуар дарын өмірден ерте кеткенімен соңында мәңгі жасайтын асыл жырлары қалды,-деді ол.

Белгілі қоғам қайраткері, ҚР Парламентінің депутаты Қуаныш Сұлтанов, «Түріксой» халықаралық ұйымының президенті Д.Қасейінов, Батыс Қазақстан халқы атынан ақын Аққұштап Бақтыгереева, Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, ақын М.Шаханов т.б. сөз алып, Қасым жайлы ой тербеп, өлеңдерінен сыр шертті

- Ақынның көреген көкірегі, сезімтал жүрегі дәл бүгін лүпілдеп соғып, шиыршық атқан ойлары мен шымыр түйдек сөздері – Қазақ тәуелсіз мемлекетінің 20 жылдығына ұран тастап тұрғандай әсер етері де хақ. Ақынға көрсетілген құрмет – ұлттың тарихына, рухани қазынасына, өнеріне, мәдениетіне көрсетілген құрмет. Ұлттың ұлт болу қасиетінің, қабілетінің белгісі. Қоғамның, ұрпақтың өскенін, өркен жайғанын, болашағының сенімділігін көрсететін ерекше рух салтанаты,- деді Қуаныш Сұлтанов өз сөзінде.

Тау бөктеріне тігілген қаз қатар ақшаңқан кигіз үйлер бір сәт ауыл бой көтергендей әсер туғызады, оған республикамыздың түкпір-түкпірінен келген, ұлт мақтанышына айналған жақсылар мен жайсаңдар жиналды. Түс ауа той меймандарына арналып түскі ас берілді.

Нұра ауданы тіккен кигіз үйде ҚР Парламентінің депутаттары, қоғам қайраткерлері Кенжеғали Сағадиев, Қуаныш Сұлтанов, Ғарифолла Есім,"Алматықұрылыс"АҚның Президенті Амангелді Ермегияев, Нұра ауданының Құрметті азаматы Жарылғасын Бикенов, ҚР Жазушылар Одағы Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Ғалым Жайлыбай, Мәжіліс депутаты Дауылбай Құсайынов, республикалық, облыстық баспасөз өкілдері болып, арнайы жайылған той дастарханынан дәм татып, тағылымды әңгіме құрды. Жүздесу барысында Нұра ауданының Құрметті азаматы Жарылғасын Бикенов қонақтарға Нұра елі мен жерінің тарихы, оның біртуар ұлдары жайлы қонақтар тарапынан қызығушылық туғызған тартымды мәліметтер айта отырды. Сөйтіп, отырыс мазмұнды әңгімеге жалғасты. Кигіз үйден дәм татқан барлық меймандарға тойдан ескерткіш ретінде нұралықтар атынан қонаққәде таратылды.

**Аудан бұл мерейтойға тиянақты дайындықпен келді. Той хабары тиісімен –ақ аудан әкімі Серік Жаманқұлұлы ауданда арнайы штаб құрып, азаматтардың басын қосып, алдарына мақсат қойып, тойға әзірлік жұмысы егжей тегжей сараланып, жүйелі түрде жан жақты жүргізілді.**





Бұл мерейтойға аудан әкімінің шақыру қағаздары жасалып аудан басшысы С.Шайдаров ауданның ардагерлері мен ақсақалдарын да арнайы шақырған еді. Олардың қатарында ҚРЖазушылар Одағының мүшесі, қарт ұстаз Махмет Теміров, тыл ардагері Әйділдә Қамзин, ардагерлер кеңесінің төрайымы Әдиша Есмағамбетова бар болатын.

Бүкіл қазақтың мақтанышы, патриотизмнің үлгісі - Қасым тойында намысты қолдан бермей Нұра өз деңгейінде көрінуі керек деген аудан басшысы кигіз үйлердің өзін Астана қаласынан жалға алдырды. Шаруашылық басшылары Георгий Прокоп,Сейтжаппар Нығметов, Қанат Отарбаев, Сейілхан Қоңырбаев, шаруа қожалықтарының басшылары Боранбай Мұханалиев, Жанбөбек Жақсыбаев, Рамазан Әбілдинов, Мұстафа Оспанов, аудан әкімі аппараты, бөлім басшылары асқан жауапкершілік танытып, бір жағадан бас бір жеңнен қол шығарып ауыз біршілік көрсетті. Осындай атқарылған қыруар дайындық жұмыстарының арқасында үш күн бұрын той алаңына аттанған нұралықтар мәртебелі меймандарды абыроймен қарсы алатын жағдай жасалды. Тау бөктерінде тігілген 200ден аса кигіз үйлердің ішінен Нұра ауданының кигіз үйі сырт әлпетімен - ақ алыстан көз тартып, іші -сырты көріктілігімен ұлттық нышанымен ерекшеленді, іші ұлттық бұйымдармен безендірілген, оның жанынан ешбір мейман бей - жай өте алмады. Оның қасында суретке түсушілерде шек болған жоқ, ал көпшілігі қызығушылық танытып ішін көруге ынтық болды. Осы тойда Нұра елі қазақи салт дәстүрді дәріптеп, оны нақышына келтіре көрсетіп, өзінің жоғары талғамын, дамыған мәдениетін көрсете алды. Бұл тойдағы Нұраның мақсаты республика шартарапынан келген жұртшылыққа Нұраны таныту еді. Сол мақсат орындалды. Осының бәрі қонақтар назарынан тыс қалмады. Сыйлы қонағымыз болған танымал қоғам қайраткері)Қуаныш Сұлтанов ризалығын жасырмай: - Үйлеріңнің еңсесі биік, керегесі кең екен ! Мына жүздеген үйлерден ұлттық нышанымен, әсем сәнімен ерекшеленіп тұр. Нағыз қазақтың кигіз үйі,- деді ағынан жарыла.

Салтанат ат жарыспен, палуандар сайысымен ұласты. Одан соң көпшілік осы тойға арнайы музыкалық шашуын алып келген сүйікті әншіміз М.Жүнісованың орындауындағы әндерді тамашалады. Ауданнан келген көркемөнерпаздар да құр қалмай, өн-жырдан шашу шашты. Мереке түннің бір уағына дейін жалғасып, тау бөктері ән шашу мен от шашуға бөленді.

**- Иә, той өтті. Енді алдымызда келер ұрпаққа ақын өлеңдерін оның бай мұрасын насихаттау міндеті тұр.** Тек жас ұрпақ Қасым өлеңдеріне терең бойлап түсінсе екен. Ақынның көрегендік, данышпандықпен айтқан өлең сөздері өз өміршеңдігін ешқашан жоймайды. Оның бір дәлелі әлемнің небір алпауыт елдеріне өзінің ұлт екенін, дербес мемлекет екенін танытқан Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығын атап өтуде ақынның:

-Ей, тәкәппар дүние,
Маған да бір қарашы.
Білесің бе, сен мені?
Мен қазақтың баласы!- деген өлеңі дәл осы шақта кеудені кере айтатын ұранды сөздей болып тұр емес пе?

Тіпті Елбасымыз Н.Назарбаевтың болашақ ұрпақ жастар үшін жасаған қамқорлығы мен сындарлы саясатындағы оң өзгерістерді алдын ала санасымен, жүрегімен, бар болмысымен сезінгендей:

-Сен неткен бақытты едің келер ұрпақ,
Қараймын елесіңе мен таңырқап-, деп жазған.

**Шын мәнінде туған жерді ардақтап, жырымен мәртебесін көтерген, Ұлы Отан соғысы кезіндегі елдің бірлігін, ердің ерлігін ту еткен Қасым жырлары ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, ұлттың отаншылдығын тәрбиелеуге қалтқысыз еңбек етіп келе жатқаны да ақиқат.**

**Бикен АХМЕТОВА,**
**Қарқаралы ауданы, той алаңынан.**

Нұра ауданының әкімдігі
**ҚАУЛЫ**

2010ж. 07.07. №12/12 Киевка кенті

**Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 1 сәуірдегі «2010 жылы сәуір-маусым және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы» № 07/01 қаулысының күшін жою туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 37 бабының 8 тармағына сәйкес және 2010 жылғы 1 шілдедегі Нұра ауданы Әділет басқармасының №3470 хаты негізінде аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 1 сәуірдегі «2010 жылы сәуір-маусым және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы» (2010 жылдың 30 сәуірінде Қарағанды облысы Әділет Департаментінің Нұра ауданының Әділет басқармасында тіркелінген, мемлекеттік тіркеу № 8-14-120, 2010 жылғы 15 мамырдағы № 20 аудандық «Нұра» газетінде жарияланған) № 07/01 қаулысының күші жойылсын.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары З.А.Даутоваға жүктелсін.

**Аудан әкімі С.Шайдаров.**

Акимат Нуринского района
**ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

07.07.2010г. № 12/12 поселок Киевка

**О признании утратившим силу постановления акимата района от 1 апреля 2010 года № 07/01 «О проведении призыва граждан на срочную воинскую службу в апреле – июне и октябре-декабре 2010 года»**

Согласно пункта 8 статьи 37 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении» и на основании письма управления Юстиции Нуринского района от 1 июля 2010 года № 3470 акимат района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Признать утратившим силу поставление акимата района от 1 апреля 2010 года № 07/01 «О проведении призыва граждан на срочную воинскую службу в апреле-июне и октябре-декабре 2010 года» (зарегистрированное в Управлении юстиции Нуринского района Департамента Карагандинской области 30 апреля 2010 года, № государственной регистрации 8-14-120, опубликовано в районной газете «Нура» от 15 мая 2010 года № 20).
2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима района Даутову З.А.

**Аким района С.Шайдаров**

Тілің мерейін

# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ- ДОСТЫҚ ТІЛІ

*Туған тілім-тірлігімнің айғағы,*
*Тілім барда айтылар сыр ойдағы.*
*Өссе тілім,мен де бірге өсемін,*
*Өшсе тілім,мен де бірге өшемін.*
*(Әбділдә Тәжібаев)*

Күш –білімде, бірлік тілде дегендей тәуелсіздік алғаннан бері елімізде бір тұтас тіл саясаты қалыптасып, қазақ тілі – мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болды, жыл сайын қыркүйек айының 22 жұлдызында тіл мерекесі тойланады.
Мемлекеттік тілді қастерлеу – барша қазақстандықтар үшін Отанға деген сүйіспеншіліктің жарқын керінісіне айналды. Қазақстан- көп ұлтты мемлекет, осында тұратын ұлты басқа халықтар қазақ тілін, салт дәстүрін үйренуге көңіл қояды. Қазақстанда тұратын басқа ұлттар арасында қазақ тілін білетін адамдарда аз емес. Қазақша мақал – мәтелдерді, әндерді айтып домбыра тартатындары да бар .Осылайша кеп ұлттар арасында мемлекеттік тіл- достықты нығайтып,бірлігімізді жарастырды.
« Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» –деп айқын бағдар берген ҚР Президенті Н.А. Назарбаев.
Нұра аудандық қазынашылық баскармасында ҚР Президентінің тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарына арналган мемлекеттік бағдарламасы туралы 2001ж. 7 ақпанда № 550 Жарлығын іске асыру мақсатында, 2001-2010 жылдарға іс- шаралар жоспары бекітіліп, орындалды. Мемлекеттік тіл саясатын түсіндіру¸насихаттау женінде тілдер күні, наурыз мейрамдарында мемлекеттік тілде сайыстар өткізуі біздің дәстүрімізге айналды. Осы бағытта ауданымызда атқарылған іс- шараларда белсенді қатыстық.. Қызметкерлерге мемлекеттік тілді үйрету сабақтары аптасына екі рет жүргізілді.
Нұра аудандық Қазынашылық басқармасы мемлекеттік тілде іс жүргізуіне 2008 жылдың желтоқсан айында кешті. Есептік нысандар мемлекеттік тілінде қалыптастырылып жатыр. Қазынашылық басқармасы Мемлекеттік мекемелерден орыс және мемлекеттік тілдерінде құжаттарды қабылдайды. Қазырғі кезенде он бір Мемлекеттік мекеме телем құжаттарын мемлекеттік тілінде тапсырады. Ағымдағы жылдың наурыз айында мемлекеттік тіл қазынашылық ақпараттық жүйесіне еңгізілді.
ҚР Президентімен Н.А. Назарбаев 2011ж.29 маусымында 2011-2020 жылдарына ҚР тілдерді қолдануымен дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру туралы Жарлығына қол қойылған.
ҚР Мемлекеттік тілдің бұдан әрі дамуының жаңа кезеңі келді.
Тіл- білімнің кілті дегеңдей, біздің ұйым қабылданған Мемлекеттік тілдің 2011-2020 мемлектеттік бағдарламасын қолдай отырып, барлық білімін, күшін осы бағдарламаны орындау үшін жұмсайды.

**С.Ж.Мухамеджанова**
**Нұра аудандық қазынашылық басқармасы бастық орынбасары**

УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

Началась подписка на районную газету «Нұра».
Подписка осуществляется в отделении почтовой связи, а так же в редакции газеты.
Подписная цена на год составляет:
- 1000 тенге - для индивидуальных подписчиков;
- 1200 тенге – для физических лиц.
Участникам Великой Отечественной войны, воинам-афганцам предоставляется 50 % скидка от прейскуранта на подписку газеты.
Кроме того, редакция районной газеты объявляет АКЦИЮ: выписав «Нұру» на год, Вы получаете возможность поместить объявление бесплатно.

РАЙОННУЮ ГАЗЕТУ - В КАЖДЫЙ ДОМ!

Нұра ауданының Құрметті азаматы Мұтәш Сүлейменовтың туғанына -90

# БАТЫР АҒА – АРДАГЕР ҰСТАЗ



Сонау дүниені дүр сілкіндірген Ұлы Отан соғысының зардаптары қазіргі таңдағы аға ұрпақтың мәңгілік есінде. Олай дейтінім қазақ елі де сол соғыстан аз зардап шеккен жоқ. Біреудің сүйген жары, біреудің жалғыз баласы, ал біреулердің аға-інілері, әкелері сол сұм соғыстан қайтпай жат жерлерде ажал құшып қала берді. Осы соғыс кезеңінде қазақ елі де зор қайғы –қасірет пен ауыр тұрмыс-тіршілікті бастап өткізді. Бәрі де жеңіс үшін, бәрі де майдан үшін деп ауыр тұрмыста емір кешті.

Осы мақалама арқау болып отырған сол майдан даласынан елге аман оралған Даңқ Орденінің толық иегері, және де басқа орден, медальдар иесісі жерлесіміз Сүлейменов Мұташ аға еді.

«Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысың»- демекші және аруағы риза болсын деген ниетпен қолыма қалам алдым. Мұташ Сүлейменов ағамыз 1921 жылы қыркүйек айының 10 жұлдызында Нұра ауданы Казгородок қәзіргі кертінді ауылында дүниеге келген, содан ауылдағы қазақ орта мектебінің 9-сыныбын бітіріп ерте еңбекке араласқан, әкеден жастай жетім қалып, жалғыз анасына қолғабыс болып еңбек етіп жүрген Мұташ ағаны да 1942 жылы әскер қатарына Отан қорғауға алады. Қырғын соғыстың ортасына түскен Мұташ ағай өзінің қабілеттілігі мен және темірдей тәртіп иесісі екенін көресте біліп атқыштар взводын басқарады. Сол қиян-кескі шайқастарда керсеткен ерліктері үшін Мұташ ағай Даңқ орденінің толық иегері болып және де басқа орден, медальдармен марапатталады. Даңқ орденінің толық иегері болу деген – бұл нағыз ерлік пен батырлықтың айғағы еді. Міне, осындай санаулы адамдар қатарында Нұра өңірінің, Кертінді ауылының жалынды азаматы, батыр ұлы Мұташ Сүлейменов те болды. Жаралы болып қансырап жүрсе де, елі үшін. Туған Отан үшін, Жеңіс үшін алға – деген ұран сөздерді қасиетті дұғадай ұстана біліп ұлы жеңіске өз үлесін молынан қоса білді. Бұл кісінің артынан Мұташ Сүлейменов Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапты деген қаралы қағаз да келген еді. Бірақ ана жүрегі сенбей: «Жоқ менің жалғызым өлуге тиісті емес, ол аман келеді»-деп жалғыз ұлын күтумен болды. Содан аяулы ананың ақ тілегі қабыл болып, 1945 жылы омырауы орден-медальдармен жарқыраған Мұташ ағай туған елімен, аяулы анасымен аман-есен қауышты. Даңқ орденінің толық иегері Мұташ ағамыз 1945 жылы 24 маусым айында өткізілген бірінші жеңіс парадына қатысты, одан кейін 1985 жылы Ұлы Жеңістің 40 жылдығы, 1995 жылы 50 жылдығы, 2000 жылы 55 жылдығына орай Москвада өткізілген жеңіс парадтарына қатысты.

Одан кейін 1970 жылы КСРО қорғаныс министрлігінің шақыруымен Ұлы жеңістің 25 жылдығына арналған Даңқ орденінің толық иегерлерінің кездесуіне шпақырылды. Бейбіт өмірде Мұташ аға ұстаздық мамандықты таңдап өзі оқыған мектебінде оқытушылық қызметін атқара жүріп, 1968 жылы Қарағанды пединститутының тарих факультетін сырттай бітірді. «Ұстаздық еткен жалықпас»- дегендей Мұташ аға ұстаздық еңбегінің жемісін көріп, 1975 жылы Қаз ССР оқу ағарту ісінің үздігі атағын алды. Кейінгі жылдары мектеп аясында алғашқы әскери дайындықтан дәріс беріп болашақ Отан қорғаушыларды, Отан сүйгіштікке, тәртіпке және әскери өмірдің қыр-сырларын игеруге баулыды. Ел құрметіне беленген батыр аға, ардагер ұстаздың еңбектері жоғары бағаланып 1993 жылы өзі оқып және еңбек еткен қазақ орта мектебіне Мұташ Сүлейменов аты берілді.

1994 жылы Мұташ ағаға Қарағанды қаласының «Құрметті азаматы» атағы берілді. 2000 жылы Нұра ауданының «Құрметті азаматы» атағы берілді. Сонау сұрапыл соғыста от пен оқтың ортасынан аман оралған Мұташ ағамыз сол соғыс отынан қалған жарақаттар зардаптарынан 2006 жылы 85 жасында өмірден озды 2010 жылы Қарағанды қаласында батыр ағамыз тұрған үйге мемориалдық тақта қойылды. Батыр аға өзі емірден кеткенімен артында елеулі еңбектері, ұстаздық ұлағатты емірі, соғыс даласындағы керсеткен ерліктері, елге мұра, ұрпаққа ұлағат болып қалды. Ол кісіден дәріс алған оқушылары кәзіргі таңда еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етуде. Міне, биыл 2011 жылы қыркүйек айында «Даңқ орденінің» толық иегері батыр ағамыз Мұташ Сүлейменовтың туған жері Кертінді ауылында езі тұрған көшеге аты берілмекші. Батыр аға рухына арнап ас беріліп, 90-жылдық торқалы тойы тойланбақшы. Туған елі, есіп-енген ортасы батыр ұлдарын Мүтекеңді еске алып рухына бас иіп батыр ағаның 90 жылдық торқалы мерекесін тарих қойнауына өткізбекші. Батыр ағаның жарқын бейнесі есімізде мәңгі сақталып, ұлағатты өмір жолдары, жас ұрпаққа әрдайым үлгі болмақ. Осы мақаламды батыр ағаға деген жан тебіренісінен туған өлең жолдарымен аяқтаймын.

## ТОРҚАЛЫ ТОЙҒА АРНАУ

Құтты болсын мерейлі 90 жылдық
Ән тербеп, күй шертіліп болсын қызық.
Батыр аға аруағы риза болсын,
Той әуені қалықтап тұрсын биік.

Ел болып ардақтайық Мүтекеңді,
Ұлағатты ұстазды, асыл ерді.
Ерлігімен еліне үлгі болған,
Мүтекеңнің Кертінді құт мекені.

Мақтанышпен айтамыз Мүтекеңді,
Құрметпен еске аламыз есіл ерді.
Мектепке, өзі тұрған көшесіне,
Құрметпен атын берді туған елі.

Халқымыз батырларын мақтан тұтқан,
Ерекше тұлға болып туғандықтан.
Ағамыз Мүтекең де соның бірі,
Батырлығы еліне болған мақтан.

Той думанмен еске алып туған жері,
Аруағына бағыштап ас береді.
Ер рухы риза болып дамылдасын,
Бас иіп еске алайық асыл ерді.

**Стал Қасенбайұлы Қоқанов,**

## Уголовно-исполнительная система как элемент правовой системы нашего независимого государства

Становление и развития независимого Казахстана как демократического, правового и социального государства, изменения в экономике и политике ведут к глобальным изменениям в жизнедеятельности общества. Вместе с тем, положительные в целом преобразования сопровождаются и отрицательными явлениями, к которым, в частности, относятся рост преступности, качественные изменения ее структуры и динамики.

В решении практических задач укрепления законности и правопорядка значительная роль принадлежит уголовно-исполнительному праву как элементу правовой системы нашего государства, призванному наряду с уголовным и уголовно-процессуальным правом обеспечить борьбу с наиболее опасными видами правонарушений – преступлениями.

Наказание – важный инструмент в руках государства для охраны важнейших объектов: личности, ее прав, свобод законных интересов, собственности, общественного порядка и безопасности, окружающей среды, конституционного строя и территориальной целостности нашей страны. Оно является главной формой реализации уголовной ответственности и одной из мер предупреждения преступности. Тщательно и результативно организованное исполнение уголовного наказания в конечном итоге должно привести к восстановлению социальной справедливости, исправлению осужденного, предупреждению совершения новых преступлений как осужденными, так и иными лицами.

Цель данного усовершенствования уголовного законодательства обеспечить «Уголовно-исполнительную систему» в тех социально-правовых условиях, которые сложились в Республики Казахстан в настоящее время в связи с принятием нового Уголовного, Уголовно-процессуального и Уголовно-исполнительного кодексов Республики Казахстан.
При подготовке нового усовершенствованного уголовного законодательства, государство опирается на положения Конституции Республики Казахстан, которая прогрессивно действует 20лет, а также действующего уголовного, уголовно-процессуального и уголовно-исполнительного законодательства, международных актов по правам человека и обращению с осужденными.

**Кабаканов Д.Ж.**
**специалист-инспектор ОУИИ Нуринского района**
**лейтенант юстиции**

Салт-дәстүр

# АҚ ТІЛЕК

Қазақ салтында жеке адамдар тарабынан қандай бір әдет-рәсім, еңбек-кәсіп, іс-шараға тап болғанда оған сәттілік, табыс тілеу мақсатында айтылатын қысқа тақпақ немесе қара сөзден құралған арнаулы сөздер бар. Риясыз ақ көңілден айтылатын ондай ақжарылғап сөздерді біз тілек деген жеке жанрға топтаған жөн деп санаймыз.

Рас, бұл сөздер рәсімдік құттықтауларға қатты ұқсайды. Мәселен, татар ғалымы И.Надиров «Теләклар» деп «салттық құттықтауларды» айтса, тағы бір татар ғалымы Х.Мәхмүтов «алқыш изге теләк, қаргыш яман теләк» деген пікір білдіреді. Тілектің алғыспен де, құттықтаумен де қабысып та, табысып жататын тұстары бар, бірақ оның жанрлық ерекшелігін даралап тұратын қасиеттері мол екендігін осы мақалады көрсетпекпіз. Бірақ ескертетін жайт, жанраралық байланыстар, тоғысулар-ығысулар, ауыс-қиыстар, алшақтаулар фольклор табиғатына тән тұрақты болып тұратын құбылыстар.

Бұл туралы ғалым Б.Путилов былай деп жазады. «Бір жанрлық жүйедегі шығарма келесі жанрға тасымалдануы мүмкін ( ән аңызға айналады), сонымен бірге жанраралық өзара әсер болуы да ықтимал (әпсананың бір сарыны әнге сіңісуі кәдік). Бұндай құбылыстардың барлығын фольклордың өмір сүруінің табиғи шарты деп таныған абзал, себебі ешқандай да жанр «тап-таза» күйінде ешқашан болмайды. Әлбетте, ақ тілек алғыс-батаның ең қысқа да қарабайыр түрі, келте сілемі, дәлірек айтқанда дәні деуге болады. Ал, біз ел аузында ежелден айтылып келе жатқан тілек деген сөзге ғылыми жаңа мағына беріп, жанрдың атауы етіп қолданып отырмыз. Алдымен тілек пен батаның ерекшеліктерін айта кетейік. Ақ батаны екінің бірі емес, тек қана батагөй ақсақал алқалы топтың атынан қалыптасқан формулалы өлеңді пайдалана отырып беретін болса, керісінше кез келген қарапайым адам қандай бір істің үстіне тап келгенде оң ниетін білдіру мақсатында жаттап алған тілек сөздерін есіне түсіріп, шама-шарқынша айтатын әдет бар.

Батаның көлемі недәуір үлкен, құрылымы күрделі болса, тілектің көлемі қысқа, бір-екі жолдан құралған ырғақты қара сөз, немесе тақпақтан тұрады. Бата аяқталғанда қалың қауым бір ауыздан «Әумин. Айтқаныңыз келсін!» деген сөздерді айтып қошамет-қолдау білдірсе, ақ тілекті естіген адам оған қарымта жауап қайтарып, көңіл-күйін жедел білдіруі тиіс.

Бір сөзбен айтқанда, тілек екі адамның диалогі ретінде орындалады. Мысалы, айтылған ақ тілекті қабыл алушы «Айтқаныңыз келсін», «Аузыңа май, астыңа тай», «Өз басыңа да сол келсін», «Құдайдың құлағына шалынсын», «Алла разы болсын» деген дағдылы жауаптарды береді. Тілек тұрақты қайталанатын қасаң тіркестерден құралады. Оның мағынасы сол атқарылып жатқан іспен тікелей үйлесіп тұрады. Мысалы, ауыл жаңа жұртқа қонғанда «Қоныс жайлы, кереге басы майлы болсын», жолаушы сапарға аттанғанда «Жолың болсын, жолдасың Қыдыр болсын», аңшыға «Қанжығаң қанды болсын», шам жаққан балаға «Көзіңнің оты жансын. Балаңның аты – Таңжарық болсын» т.б. тілектерді айту дәстүрге айналған.

Әдемі де әрлі сөздермен тілек айта білу әдептіліктің белгісі секілді саналғанымен бұл жанрдың арғы тегі сөз магиясына сенуден тура тамыр тартып тұрғаны байқалады. Осы ойымызға төмендегі сөздер дәлел бола алады.

Мысал келтірсек: бала жаңа киіс кигенде үлкендер «Киімің тозғыш болсын, өмірің озғыш болсын», немесе «Жаның берік, киімін бос болсың», бие байлап жатқанда «Желі бау құтты болсын.

Биыл аз байласаң, келесі жыл көп байла», қой қырқып жатқанда «Қарқар молайсын. Биыл аз қырқсаң, келесі жыл көп қырқ», жолаушыға «Жеңіл барып, ауыр қайт», деген сөздер айтылады. Осы тілектердің арғы астарында атқарылып жатқан игілікті істерді тіл-көзден қорғау, жасыру, одан кейін тылсым күштерді алдарқату, астамшылық, тоқпейілдік, кесірден сақтану сарындары бар. Ақ тілектің осы қызметі жалбарынуға тоғысып тұр. Нақтырақ айтқанда, жалбарынудағыдай тілектің көркемдік жүйесінде де ишаралау, тұспалдау, шендестіру тәсілдері мол қолданылған. Мысалы, біз келтірген үлгілерді «өмір-киім», «озғыш-тозғыш»,»жан-киім», «берік-бос», «аз-көп», «ауыр-жеңіл» деген қарама-қарсы ұғымдарды қасақана шендестіру арқылы зиянды күштерден сақтану, ең алдымен тілсұқтан қорғану амалы көзделген. Бұл сөздер кейде киелі заттармен сүйемелденеді. Мәселен, бала жаңа киім киіп, көрімдік сұрағанда, ақ жаулықты апалар әлгі сөзді айтады да оның киіміне түйме-теңге, үкі, жыланбас секілді қасиетті заттарды тағып береді.

Түйіндесек, әу басында сөз қуатына сенумен астарлас пайда болған тілек кейін келе этикалық қызмет атқарып, көркемділікке қарай ойыса түскені байқалады. Әйткенмен, «жақсы сөз-жарым ырыс», «алтын алма, алғыс ал», деп иланған халық арнайы айтылған ақ тілектердің орындалатынына әзір де нанады. Батадан гері тілекті кез келген адам айтуға тиіс болғандықтан ол көпшіліктің көңіл-күйін білдіретін шұғыл қолданыстық сипатқа ие. Осы шағын жанрдың өміршең болуының да бір сыры, міне, осы. Әрине, кейбір тілектер ақ батаның да құрамында да айтыла береді. Өйткені, ежелгі қарапайым ақ тілектер күрделі де көлемді, көркем де орамды бата жанрының қалыптасуына негіз болған баспалдақтардың бірі екендігі анық.

**«Дала мен қала»**
**12 қыркүйек, 2011 ж.**

За здоровый образ жизни

## «Фестиваль здоровья – 2011» в СШ им. К.Мынбаева

10 сентября 2011 года на стадионе СШ им. К.Мынбаева прошел Фестиваль здоровья под девизом «Физическая активность и спорт – залог здоровья нации». Цель этого мероприятия – привлечение внимания общества к важности формирования и ведения здорового образа жизни среди сельского населения.

В начале мероприятия с поздравительной речью выступили директор СШ им. К.Мынбаева А.Б.Рахматуллин и завуч по воспитательной работе А.Б. Исаинова , которые пожелали учащимся и учителям спортивного здоровья и праздничного настроения. Также директор школы озвучил учащимся, что на протяжении 2010-2011 учебного года наша школа по спартакиаде школьников по десяти видам спорта заняла 1-ое общекомандное место среди школ района.

После поздравительных слов тренер-преподаватель ДЮСШ С.А. Есенов ознакомил с программой проведения Фестиваля здоровья.

Открытие Фестиваля здоровья началось с исполнения гимна Республики Казахстан. Далее на протяжении 10-15 минут физрук школы И.П.Белан провел среди учащихся и учителей утреннюю зарядку.

После утренней зарядки начались забеги среди учащихся и учителей по отдельным дистанциям:

Бег на дистанции 200 м (учителя): Касымбекова А.И. с результатом 1,10; Сурина М.В.-1,12; Калиева С.Г. -1,14;

Учащиеся 200 м (1-2 кл мальчики): Жанбыршы Мейржан -1 рус.кл -50 сек; Собора Гриша – 1 рус.кл. -51 сек; Рыбаков Виталий -2 рус.кл. -53 сек.

Девочки (1-2 кл) Рыбакова Рита – 2 рус.кл -44 сек; Никонорова Марина-2 рус.кл-46 сек; Бейсекеева Аяулым 2 каз.кл -48 сек;

Дистанция 400 м (3-4 кл мальчики): Рыбаков Владислав -4 рус.кл -1,23; Горьковенко Андрей 4 рус.кл- 1,28; Улыкпан Улан -4 рус. Кл. -1,34;

Девочки (3-4 кл): Базяк Наташа: 4 рус.кл.- 1,34; Рыбакова Лена -4 рус.кл- 1,37; Ермоленко Лера -3 рус.кл- 1,42;

Дистанция 600 м (5-6 кл) мальчики:Сулейменов Руслан 5 рус.кл- 2,12; Пашкин Вова 6 рус.кл -2,16; Базяк Руслан 6 рус.кл- 2,17;

Девочки (5-6 кл): Дегелеевич Яна 5 рус.кл -2,26; Белиспай Асель -5 кз.кл.- 2,36; Салирова Шахида -5 рус.кл. -2,42;

Дистанция 800 м (7-8 км.) мальчики: Ахундьянов Андрей 8 рус.кл- 2,47;Кильметр Витя – 7 рус.кл. – 2,57; Беляев Дима 8 рус.кл. -2,59;

Девочки (7-8 кл): Иванишина Оля 7 рус.кл -3,20; Андриуца Катя 8 рус.кл-3,27; Жекежанова Аяулым 8 каз.кл. -3,36;

Дистанция 1000 м (девочки 9-11 кл.) : Рыбакова Аня -11 рус.кл. -4,06; Есильбаева Асем-9 каз.кл -4,19; Улыкпан Томирис -9 рус.кл. -4,34;

Дистанция 1500 м (юноши 9-11 кл.) : Инаят Бауыржан -9 каз.кл -5,03; Шахмет Ернияз -11 каз.кл. -5,11; Нестеренко Петя - 11 рус.кл.-5,15.

После забегов школьников по улицам аула К.Мынбаева проходила велосипедная гонка на дистанции 2 км. 1-ое место заняла ученица 8 рус.класса. –Хрипунова Лена; 2-ое место Толеубаева Марзия -8 каз.кл , а тройку призеров замкнула ученица 8 рус.класса Андриуца Катя.

Среди мальчиков 5-6-7 классов тренер-преподаватель ДЮСШ А.К.Смагулов проводил соревнования по мини-футболу, где участвовало пять команд.

1-ое место занял – 6 рус.кл, 2-ое место занял-5 рус.кл., 3-е место заняли -4 рус.кл.

Среди 1-4 –ых классов классные руководители проводили веселые старты на спортивной площадке. Среди 8-11-ых классов физрук школы А.У.Жуматаев проводил соревнования по волейболу, где принимали участие 6 команд, и в упорной зрелищной борьбе 1-ое место заняли учащиеся 11 рус.класса, 2-ое место заняли учащиеся 9 каз. класса, 3-е место заняли учащиеся 10 рус.класса.

В заключении хотелось бы поблагодарить через районную газету «Нура» весь педагогический коллектив и учащихся СШ им. К.Мынбаева за активное участие в проведении Фестиваля здоровья. Все призеры Фестиваля были награждены грамотами дирекции школ.

**С.Есенов,**
**тренер-преподаватель**

Консультация юриста

# НА ЗАМЕТКУ АЛИМЕНТЩИКУ

**Должники, не выплачивающие алименты на содержание своих несовершеннолетних детей, должны знать, что, злостно уклоняясь от уплаты алиментов, они совершают уголовно- наказуемое деяние.**

Уголовным кодексом Республики Казахстан в соответствии ст. 136 ч. 1, за злостное уклонение от уплаты алиментов по решению суда средств на содержание несовершеннолетних детей, наказывается штрафом, арестом, ограничением свободы, либо лишением свободы.

Нуринским районным судом Карагандинской области за период 2010-первое полугодие 2011 года, было рассмотрено одиннадцать уголовных дел по обвинению в совершении преступления, предусмотренного ст. 136 ч. 1 УК РК.

Три из них прекращены в связи с отказом частного обвинителя от обвинения, одно прекращено в связи со смертью подсудимой, вынесено два оправдательных приговора, и три обвинительных приговора, одно с назначением наказания в виде ограничения свободы сроком на один год, и по двум приговорам назначено наказание в виде лишения свободы сроком на один год, с применением ст. 63 УК РК, условно с испытательным сроком один год.

Каждый должник должен знать, что он несет ответственность за своих детей, каждый родитель обязан содержать своих несовершеннолетних детей.

**Ю.Цой,**
**главный специалист секретарь судебного заседания Нуринского районного суда**

Общество и закон

# *НЕЗНАНИЕ ЗАКОНА НЕ ОСВОБОЖДАЕТ ВОДИТЕЛЯ ОТ ОТВЕТСТВЕННОСТИ*

04 июля 2008 года за № 55-IV вышел Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам обеспечения безопасности дорожного движения», где во многих статьях санкция ужесточилась. Одна, из которой является статья 467 КоАП РК - управление транспортным средством водителем, находящимся в состоянии алкогольного, наркотического и (или) токсикоманического опьянения, а равно передача управления транспортным средством лицу, находящемуся в состоянии алкогольного, наркотического и (или) токсикоманического опьянения.

Однако многие автовладельцы до сих пор игнорируют закон и продолжают нарушать Правила дорожного движения. С каждым годом число автотранспортных средств увеличивается и на сегодняшний день каждый второй гражданин имеет средство передвижения, что требует особого подхода и глубоких знаний Правил дорожного движения Республики Казахстан. Одна из данных категорий дел об административном правонарушении и рассматривается судом. Правонарушения на транспорте, а именно управления автотранспортным средством в состоянии алкогольного опьянения, где в результате под воздействием алкогольного опьянения совершаются ДТП, наезд на пешеходов и другие правонарушения, являющиеся умышленным и наиболее опасным видом правонарушения, которое влечет наступление тяжелых последствий и создает реальную угрозу жизни и здоровья не только самому себе, но и другим людям.

Так, за 1-полугодие 2011 года судом было рассмотрено 39 дел на транспорте, где 34 дела - управление автотранспортным средством в состоянии алкогольного опьянения, из которых 23 правонарушителя лишены водительских прав на управление транспортными средствами сроком на 2 года и 1 правонарушитель лишен прав на управление на 4 года, в отношении 10 правонарушителей была применена мера административного наказания в виде ареста до пятнадцати суток. 5 дел рассмотрено по ДТП, где сумма наложенного административного штрафа за совершение административного правонарушения составила 362 880 тенге.

**М.Акмалов,**
**главный специалист Нуринского районного суда**

## Туған жерді сүйемін!

Сүйемін туған елімді,
Асқар таулы жерімді.
Сүйемін байтақ даламды,
Айдын шалқар көлімді.

Сүйемін бау-бақшаңды,
Күннің нұры төгілген.
Сүйемін ұлан өлкеңді,
Қазына – байлық көмілген.

Елім –жерім бақытым,
Жарқырайтын жақұтым.
Қадірле адам отанды,
Қасиетте қашанда.

Отаным қандай асылсың,
Анамдай маған жақынсың,
Қойныңда өскен адамзат,
Сағынышын қалай жасырсын.

Сембина Тоғжан,
Құланөтпес орта мектебінің
9-сынып оқушысы.

## Туған тілім

Тіл деген күре тамырың самғататын биікке,
Тіл жансыз бейнелі, енер түрлі кейіпке.
Тілің байлық – қол жетпес асыл қазыңа,
Тіл қадірін бағалаған нұр құйылар жанына.

Тіл – сұлулық, мейірім, аппақ болсын пейілің,
Тіл – жамандық, азатұғын көңілдегі мейірім.
Сондықтанда тіл қадірін білейік,
Тілімізді жаңғырта біз жүрейік.

Сембина Тоғжан,
Құланөтпес орта мектебінің
9-сынып оқушысы.

# Гүлденсе ауыл гүлденеміз бәріміз

**Бүгінгі күні Жанбөбек ауылында 119 үй болса, отбасы саны 127, жалпы халық саны 552 құрайды екен. Кешегі дүркіреп тұрған Аққолқа елді мекенінде 24 үй болса, тұрғылықты адам саны 103 құрайды, ал Керей жерінде не бары 4 үй болса адам саны 8 құрайды.. Ауылда 11 жылдық білім беретін мектеп, осыдан бес жыл бұрын ашылған шағын балалар орталығы, мектеп интернаты, әкімшілік орталығы, мешіт, жастар көңіл көтеретін орталық , тұрғындарға медициналық қызмет көрсететін ФАП жұмыс істеуде. Аққолқа бөлімшесінде негізгі мектеп бар.**
**Ауылдың мерейтойы қарсаңында балалар алаңы салынып, пайдалануға берілді. Ауылды көркейту, көгалдандыру, ғимараттарды жөндеу, санитарлық тазалау жұмыстары жүргізілді.**




Қарағанды облысы, Нұра ауданынына қарасты Теңіз өңірінде Тәуелсіздіктің 20 жылдығы қарсаңында бірнеше елді мекендердің 50 жылдық мерейтойлары аталып өтілді. Солардың бірі Жанбөбек ауылының торқалы тойы...

Ауыл – қазақтың алтын бесігі, түп теркіні десек, қателеспеген болар едік. Аттың құлағында асыр салып ойнаған халқымыз кең-байтақ, дархан даламыздың ауыл – анамыздың перзенті. Ауыл ананың аялы алақанынан талай ұлы ғалымдар, ақындар мен жазушылар, көптеген қоғам қайраткерлері түлеп ұшқан жоқ па? Кіндік қаны тамып, кірін жуған ауылына ақындар жыр жолдарын, жазушылар сөз қорларын аямады. Иә, ауылда жусан жұпарын жұтқанға не жетсін. Тобылғылы сайы мен еңселі таулары жаныңа ләззат сыйлап, көзіңнің жауын алады емес пе? Күл төбеде күбірлескен аталардың әңгімесі, жамыраған төрт-түліктің дауысы, ауыл шетінен сыңғырлай аққан өзеннің үні алақандай ауылды тербетіп тұрғандай іспетті. Бірінбірі қуалай өскен тал- шыбықтардың көркі де көңіл қуантып, тамсандырады.




Міне, осындай қасиетті де киелі, атақты да даңқты ерлер мекен еткен елді мекендердің бірі кезінде «Қарақойын-Қашырлы» деп аталған Жанбөбек ауылы. Киелі дейтін себебіміз онша әріге бармай-ақ, қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күресіп, жанын пида қылып, патшалық Ресейдің отаршылдық саясаты мен әрекетіне қарсы қол жинап, отаршылдарымызбен бітіспес күрес жүргізген атақты бабамыз Кенесары хан осы Қарақойын жерін бір жылға жуық мекендеп. өзінің жасақтарының күшін топтастырған екен.

Еліміздің тарихында аты әйгілі ел басқарған абзал азаматтар мен сөз зергерлері, ақын-жырауларының бірі де осы елден шықса керек. Олар атақты батыр, ақын Тоқа, айтыскер, төкпе ақын Құлтума, ақын-жырау Досмағамбет қожа, аға сұлтан Кішкентайдың Аққошқары, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі болған Асығат Сайдалин мен Төреғожиндар және басқа да айтулы жандар осы Қарақойын-Қашырлыдан шыққан екен.

Одан кейінгі Кеңес үкіметі тұсында да елімізге аты шыққан, ел басқарған аптал азаматтарды айтпай кетуе болмайды. Солардың бірі, Жанбөбек елінің төл тумасы Бименде Садуақасов. Бұл кісі республикамыздың үш бірдей облысында бірінші хатшы және облыс төрағасы лауазымдық қызметін атқарды.

1934 жылдан бастап бұл маңай Қорғалжын ауданының алыстағы мал жайылымына айналып, малшы қауым бірсыдырғы өмір кеше бастаған болатын. «Қыр» деп аталған бұл аймақ сонау Жезқазған облысының Ұлытау ауданынан, Батыс жағы Торғай елінің аудандарымен шектесіп жатады. Осы кең аймақ 4,5 миллион гектар жерді қамтиды. Бұл кең жайлауды Қорғалжын ауданы қой мен жылқы өсіретін берекелі аймаққа айналдырды.

Өңірдегі ауылды елді мекендердің ішіндегі қазіргі Жанбөбек жері өзінің табиғи байлығымен, шұрайлы жайылымымен, сылдырай аққан күміс бұлақтарымен және басқа елді мекендерге қарағанда ауа-райының жұмсақтығымен ерекшеленіп, мал өсіруге қолайлы болған. Алайда соғыс және соғыстан кейінгі жылдарда бұл маңайда мал бағып, оны өсіру оңайға түскен жоқ. Сол отарда еңбек еткен шопандар мен жылқышылардың жанкешті ерлік еңбектерінің арқасында қоғам малы сақталып қалды. Олар қыстың қытымыр аяздары мен қақаған борандарында, жауын-шашындарда аш жалаңаш жүріп еңбек еткенді.

Осындай қажырлы еңбектің арқасынада ең алдымен ел арасына сыйлы болған Дау лен атамызды атап кетпеуге болмайды. Дәулен Төлеубайұлы 1927 жылы Қорғалжын ауданына қарасты Жұмай жерінде дүниеге келген. Сол ауылдың мөлдір суын ішіп, таза ауасын жұтып өскен Дәулен атамыздың балалық шағы өз жері Жұмай ауылында болған екен. Жастайынан еңбекке жаны құштар атамыз 1938 жылы XXII партсъезд кеңшарына қоныс аударады. 1951 жылы отбасын құрып жұбайы Күлән әже екеуі қой шаруашылығымен айналысып, елдің құрметіне бөленген. Шамалы ғана қойды жүз одан соң мың басқа айналдырады.

Тер төгіп аянбай еңбек еткен даңқты шопан атамызға 1967 жылы Социалистік еңбек ері атағы берілді. Одан кейін Партияның 20 съезіне делегат болып қатысып келеді. Бүкіл Целиноград облыстарына атағы жайылған атамыз Нұра ауданының құрметті азаматы болған.

Даулен Атамыз інісі Төлеубаев Аманжол ағамызды өз ұлындай бауырына басып, бойындағы бар жақсы қасиеттерін баласына үйреткен екен. Әке ізін сөндірмей ұлы істі әрі қарай дамыта білген Аманжол ағамыз да еліміздің құрметті азаматтарының бірі болған. СССР медалімен марапатталып, бірнеше игі істердің жеңімпазы болған, селолық, аудандық советінің депутаты болған. Қазірігі кезде бұл кісілердің жұбайлары Күлпән әже мен Шайза апамыз немере шөберелерінің қолдарынан су ішіп, бақытты да қуанышты күн кешуде. Асыл әже, ардақты аналарымызға ұзақ ғұмыр, жемісті де жеңісті күндер тілейміз арине...

Осындай игі істердің басында жүріп әртүрлі салаларында еңбек етіп, бөлімше басқарып айрықша еңбектерімен көзге түскен абзал жандар да бар еді. Олар Нұрыш Тұрмағамбетов, Сейтжан Ахметов, ақын-жырау Мұтап Шакеев, Қабылда Мәмбетов, Нұрмұхан Кенжеболатов, көпке сыйлы Әбудай ақсақал, бар өмірін ұстаздықпен өткізген Әбутәліп Мәмбетов, Байзақ Қаллақбаев, Мұсылманбек Сұлтанғазин, Уәли Есмағамбетов, Рахымжан Алтайбаев, Абенов Қабдрахман, Жанбаев Мұхамеджан, Тоқаев Келдібай, Малгаздаров Тілеуберген, Хасенов Айдар, Ибрайымбеков Балтабай және тағы басқа осы ауылға еңбегін сіңірген ауыл майталмандары жетерлік.

1961 жылдан бастап Қорғалжын ауданының алыстағы мал отарлары орналасқан аймаққа кеңшарлар ұйымдастырыла бастады. Қарақойын-Қашырлыда «Керей» деген кеңшар орнады. Кейін бұл атау өзгертілді. 1961 жылдың қараша айында болған, сол кездегі маңызды оқиға СОКП съезіне байланысты «XXII партсъезд атындағы» кеңшар деп аталып, мемлекеттен бөліп берген жер аумағы 237 мың гектер жер болған. Бірақ «мемлекеттік қор» деп аталатын бос жердің кепшілігі осы жердің шабындығы мен жайылымына пайдаланушы еді. Тек қана осы аймақтың езінде 1,5 миллион гектарға жуық жер көлемі бар болатын.

Кеңшар үш бөлімшеде болды.Олар;«Аққолқа», «Керей», және «Жанбөбек».
Міне, аталған жерлерде кезінде қой өсіру, жылқы бағу,егін егу, дәнді-дақылдар өсіру т.б жұмыстардың жасалғандығы бәрімізге аян. Осы жұмыстарды Жанбөбек елінің шаруашылығын ілгері бастыру ісіне партия-кеңес ұйымдары және бас мамандары мен бөлімше меңгерушілері берік топтасып, ұйымшылдықпен жұмыс жүргізді.

Сол кездері бұл елге еңбегі сіңген ерлер; Жаңбырбай Сақтағанов, Малғаздар Бимолдин, Хамит Көпбаев, Аманжол Тілеубаев, Рифхат Шаихов, Марат Мерғалиев, Бопан Жұмабеков, Рахметолла Қажыбаев, Рамазан Нәбиев, Аманжол Жүнісов, Кенжебек Әбдірахманов, Қабылда Жақсыбаев, Серік Сұлтанхамитов, Байтеміров Төкен, Әбішов Жұмабек, Нұрышов Жүсіпбектер өз жұмыстарын жан-жақты өркендетіп уақыт талабына сай еңбек ете білді.

Сол уақыттан бастап ауылға көптеген іскер мамандар келіп қысы-жазы, күндіз-түні еңбек етіп шаруашылықтың қай саласын болмасын өркендетіп, алға бастырды. Осындай ерен еңбектің арқасында қой саны 55 мыңға, жылқы басы 4 мыңға дейін артты. Осы тұста «Қарақойын» кеңшарының өзі жыл сайын 15-16 мың тонна мал азығын дайындайтын дәрежеге жетті. 1975 жылы кеңшарға жоғары кернеулі электр жарығы орнатылып, 1980 жылдары кеңшарда 150-ден астам отбасы өмір сүрді. Сол кездегі мәліметтерге қарай кететін болсақ, ауылда 1500-ден астам адам тұрған. Мәдениет, білім, денсаулық, саясат жағынан алып қарағанда да жақсы жетістіктер көрсетіп келеген болатын.
Қазіргі кезде үш ауыл бірігіп жұмылған жұдырықтай ауылдың тойын жоғары деңгейде өткізуге тырысып бақты.

Жанбөбек ауылының әкімі Әбішев Азамат Советұлы қызметіне кіріскеніне санаулы ғана жылдар болса да, ауыл ахуалын жақсартуда тынымсыз тіршіліктің жолына түскені атқарған істерінен айқын аңғарылады. Көпті көрген қариялармен, тәжірибелі әріптестерімен келісіп тон пішетін ол Жанбөбек ауылындағы жақсы үрдістердің жалғасын табуына бастөз болып жүр. Азамат замандасымыз өзінің кіндік қаны тамған Жанбөбек ауылын атақоныс санайды. «Әке көрген оқ жонар» демекші, сөз саптасынанақ жақсы тәлім-тәрбие алғандығы сезіліп тұр. Өзі алға қойған мақсатына жету үшін ауылдағы шаруа қожалықтарымен аянбай тер төгіп, елімен, жерлестерімен бірге тойдың қамын ойлап жан-жақты дайындалған. Бұл




шаруа қожалықтары мал өсіру ісімен айналысып жеке жұмыс түрлерін әрі қарай жалғастырып, осы ауыл тұрғындарына еңбектері сіңіп отыр. Оның ішінде осы ауыл жағдайын ойлап күн демей, түн демей тер төгіп жүрген шаруа қожалықтарын атамасқа болмайды. Олар шаруа қожалықтары «Даулен», «Жанбөбек», «Қарақойын». Басшылары; Дауленов Бағлан, Ахметов Айдын, Жақсыбаев Жанбөбек. Ауыл әкімімен бірге жұмылып жұмыс істеген шаруа қожалықтары ауылдың жағдайын бір көтеріп қалғандығы айдан анық. Осы елу жылдық қарсаңында ауылда бірнеше жұмыстар атқарылғандығы келген адамға бірден көрініп-ақ тұр. Ең алдымен көшелер қоқсытан тазартылып, 3000тдан астам қоқыс сыртқа шығарылған. Көше бойлары тазартылып жолдарды жөндеу жұмыстары жүргізілген, әр отбасы жеке үй маңайларын да сәндеп қойған. Ауылдың орталығына, ауылға тарту ретінде арнайы сахна мен күрес алаңы салынған. Бірнеше жұмыс орындарының ескірген қоршаулары қайта жөндеуден өтіп, қайта жаңарту жұмыстары жүргізілген.

Көше бойларына жарықтар орнатылып ауылдың сәнін енгізген. "Ауыл түбі — бірлік, қауым түбі – тірлік"- демекші осы жұмыстың барлығына ауыл адамдары бір кісідей ат салысқандығы көрініп тұр...

Айта кету керек ауыл тұрғындарын қатты мазалайтын бір жайт ол ауыз су мәселесі мен жол жағдайы. Ауыз суын мүлдем жоқ деп айтпасақ та әлі күнге дейін дұрыс арнаға түсе қойған жоқ деп айтуға болады. Себебі қаншама жылдар өтіп жер астында жатып әбден тозығы жетіп, шіріген, су өтетін бойлары бітелгендіктен болар. Осы су құбырларын жөндеуге ауылда арнайы техниканың болмауынан бұл ауыл тамшылап аққан судың өзіне де шүкіршілік етеді. Ауыл қазір бір ғана су сорғыш құралының арқасында су алып отыр, екінші құрал дайын тұрғанымен оны қолдана алмайды. Екінші бір мазалайтын мәселе жол мәселесі. Жол жоқ дейтін себебіміз де шындық. Себебі бұрынғы салынған жолдар мүлдем жүруге жарамай, ауыл тұрғындары өздері салып алған сай-салалы, ойлы-қырлы жолдармен жүруге мәжбүр. Алысқа бармай-ақ аудан орталығынан 300км қашықтықта жатқан елді мекенге бару үшін кем дегенде алты немесе одан да кеп уақыттың кететінін айтсаңшы. Бұл уақыт әрине көлігіңіз сынбай, түсініксіз жер жолдардан адаспай жүрсеңіз егер. Осындай санаулы қиыншылықтарға көз жұма қараған ауыл тұрғындары ауылымыздың болашағы жарқын, ертеңі айқын болады деген үмітін үзілмек емес...

Той дегенде ішкен асын жерге қоятын халықпыз ғой. Одан әрі ұлттық дәстүрлерімізді дәріптеп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе білуді көздеген қазақпыз. Бүгінде «Елу жылда – ел жаңа» деген осындай мақсатпен ауылдың мерейтойын атап өттік. Ауыл адамдары осы тойға толығымен ат салысты. Жұмыс іздеп, кешіп кеткен бұрынғы ауыл тұрғындарының құлағы түрік жүргендері асқа түгелдей жуық жиналған. Ауыл тұрғындары аз ғана болса да көңілдері бірге көтеріліп қалды. Ескі достар, кершілер, бұрынғы әріптестер және сыныптастар қайта қауышып, бейне бір жиырма жыл бұрынғы ауылдың кейпін қайтадан қалпына түсіргендей болды.

Мерейтой алдын-ала құрылған жоспар бойынша жүзеге асырылды. Той ең алдымен «өлі риза болмай, тірі байымайды» - деген аталы сезді басшылыққа ала отырып, аруақтарға құран бағыштаудан басталды. Құран бағыштауынан кейін ауыл әкімі Азамат Әбішев барша жиналған қауымды осы торқалы тойларымен құттықтап, соңғы жүргізілген жұмыстар женінде баяндама жасады. Көп жұмыстардың ішінен мектеп интернатының тебесі толығымен күрделі жөндеуден өтіп, онда жататын оқушылар үшін барлық жағдайлар жасалғандығын және тағы бір қуанарлық жай осы мереке қарсаңына арнайы құрылған «Балалар ойын-сауық алаңының» құрылғандығын қуынышпен жеткізді.

Өзінің құттықтау сөзінен кейін осы тойты жүргізуге арнайы шақырылаған қонағымыз, дарын сыйлығының иегері, елге таныма суырып салма ақын Дәулеткерей Кәпұлына сөз берді. Тілге жүйрік, сөзге шебер ақынымыз тойды жоғары деңгейде жүргізді десе де болады. Ауыл әкімінен кейін елге еңбегі сіңген ел ағалары, сөз сөйлеп, өздерінің жылы лебіздерін, құттықтаулырын айтып өтті.

Аудан орталығынан келген Еділ Жүнісбекұлы Тұранов аудан әкімінің құттықтауымен, осы тойға деген жылы лебізін білдірді.

Бұдан кейін мерекелік концерт өз жалғасын тауып, ауыл адамдары Астана қаласынан арнайы шақырылған қонақтарының өнерін тамашалады.

Өнер академиясының қыз-жігіттері естен кетпестей ән шырқап, күй тартып барша қауымның көңілін бір көтеріп тастады. Артынын күміс көмей, жез таңдай әншілеріміз Досымжан Таңатаров пен Марат Омаров ән шырқағанда ауылдың бүлдіршіндерінен бастап еңкиген қарияларына дейін ортаға шығып мың бұралып билеп те берді. Осы қойылымнан кейін ауыл қонақтары мен арнайы шақылылған меймандарға үлкен ас берілді. Бірлігі жарасқан ауыл тұрғындары ас мәзіріне аса жауапкершілікпен дайындалғандарын көрсетті. Сегіз киіз үй тігіліп,ұлттық нышанда безендірілген.

Түс ауа бүкіл халық спорттық ойындарды тамашалады. Қазақтың салт-дәстүріне сай «Қазақша күрес», «Түйе балуандар күресі», «Аламан бәйге», «Аударaспақ», «Жаяу жүгіріс», «Арқан тартыс», «Тас көтеру» сияқты сан түрлі ұлттық ойындар өз жалғасын тапты. Жеңімпаздарды арнайы дайындалған жүлделермен марапаттады. Ауыл тұрғындары және келген қонақтар барлығы дерлік бір мәре-сәре болып, естен кетпестей бір марқайып қалды. Кешке таман ауыл жастарына арнап ойын-сауық етіліп, соңынан мерейтойдың жабылуы ретінде әсем де көз тартар от шашуы шашылды. Осының барлығы ұйымдасқан түрде жүзеге асырылып, ауыл тұрғындарының мерейі үстем болды.

**Әмірхан Нақыпов**

Госсанэпиднадзор предупреждает!

## «Чистая вода – источник нашего здоровья»

Сотрудниками Управления Госсанэпиднадзора по Нуринскому району проводится плановый санитарно – эпидемиологический контроль централизованного водоснабжения п.Киевка.

Ежемесячно филиалом «Центра санитарно-эпидемиологической экспертизы Карагандинской области» проводится бактериологические и санитарно-химические исследования воды п.Киевка. Качество воды централизованной системы водоснабжения п.Киевка соответствует по всем параметрам, Санитарным правилам № 554 от 28 июля 2010 года «Санитарно-эпидемиологические требования к водоисточникам, хозяйственно-питьевому водоснабжению и местам культурно-бытового водопользования и безопасности водных объектов».

При обследовании местных (домашних) скважин обнаружено: скважины в основном на глубине 6-12 метров. Вода из данных местных скважин не соответствует требованием Санитарных правил № 554 от 28 июля 2010 года «Санитарно-эпидемиологические требования к водоисточникам, хозяйственно-питьевому водоснабжению и местам культурно-бытового водопользования и безопасности водных объектов»
- по жесткости: при норме 7-10моль/дм, жесткость- 12-56 моль/дм3.
- по содержанию нитратов: при норме 45 мг/дм3,содержание нитратов в воде 90- 180 мг/дм3.

Загрязнение воды местных (домашних) скважин происходит путем попадания грязных (от септиков и туалетов) талых и дождевых вод в почву. В связи с тем, что глубина скважин небольшая – 6- 12 метров, очищение воды в почве полностью не проводится, и в воде находится содержание мочевины и нитратов.

Жесткость вызывает болезни желудочно-кишечного тракта (гастриты, язва желудка, болезни печени, камни в желчном пузыре, камни в почках и мочевом пузыре, нарушение обмен веществ в организме, постепенное повышение артериального давления за счет цементирования кровеносных сосудов поступлением инородных микрочастиц через воду. При этом мы губим организм и тем самым, сокращаем себе жизнь.

Мочевина и нитраты в воде – это инфекция в воде. При этом человек может заболеть дизентерией, сальмонеллезом, брюшным тифом и холерой.

Управления ГСЭН по Нуринскому району рекомендует употреблять только воду с централизованного водоснабжения.

Берегите ЗДОРОВЬЕ и живите до ста лет!

**Торебеков М.А.,**
**начальник отдела**
**санитарно-эпидемиологического надзора**
**УГСЭН по Нуринскому району**

## Аса қауіпті зиянкестермен күресу шараларының 2012 жылға болжам көлемі

Нұра ауданы бойынша ауыл шаруашылық нысандарының негізгі мақсаты аудан тұрғындарын толық астық дәнді дақылдары және картоп, көкөніс азық өнімдерімен қамтамасыз ету.

Азық –түлік қауіпсіздігін сақтау үшін өсімдіктерді қорғау саласы бойынша мәдени өсімдіктердің сапасы мен шығу көлемін арттыру жолының ең негізі – өсімдіктердің аса қауіпті зиянкестері мен ауруларына қарсы фитосанитарлық іс-шаралары болып табылады.

Үстіміздегі 2011 жылғы көктем айларында тұқым және топырақ аурулары мен зиянкестеріне қарсы аудан бойынша 26425 тонна тұқым дәріленді. Соның ішінде:

Бидай -22906 тн., арпа -2598 тн, сұлы -189 тн, нұт-680 , зығыр-52 тн.

Егістің алдында ылғал сақтау технологиясы бойынша 17473 га егіс алқабына арамшөптерге қарсы глифосатты гербицидтермен химиялық өңдеу жүргізілді.

Аса қауіпті зиянкестерді зерттеу және химиялық өңдеу жұмысы Нұра ауданы бойынша 2011 жылы мына көлемде игерілді:

Зерттеу жұмыстарының көлемі:

Шегірткелер-75,5 мың.га, сұр тышқандар-8,0 мың га, тышқан тұқымдастары -8,5 мың га, астықтың сұр көбелегі -164,5 мың га, гессен шыбыны -70,5 мың га, астық аурулары -174,5 мың га, колорад қоңызы -0,18 мың га.

Химиялық өңдеу жұмыстарының көлемі:
Үйірлі шегірткелерге қарсы -3,5 мың га, Жергілікті саяқ шегірткелерге қарсы -19,1 мың га, Астықтың сұр көбелегіне қарсы 27,0 мың га, Астықтың ауруларына қарсы 3,0 мың га.

Мемлекеттік бюджеттен үйірлі шегірткеге (итальян прусы) қарсы 3,5 мың га егіс алқабына химиялық өңдеу жүргізілді. Химиялық өңдеу жұмсалған қаржы 1372700 теңгені құрады.

Ал жергілікті саяқ шегірткеге қарсы шаруашылықтың өз қаражаты есебінен 700 га егіс алқабына химиялық өңдеу жүргізілді. Жұмсалған қаржы 332000 теңге.

Жергілікті саяқ шегірткеге қарсы облыстық бюджет қаражаты есебінен 19,1 мың га егістікке химиялық өңдеу жүргізілді. Жұмсалған қаржы 9059130 теңге.

Астықтың сұр көбелегіне қарсы мемлекеттік бюджет арқылы 27,0 мың га егіс алқабына химиялық өңдеу жүргізілді. Жұмсалған қаржы 17901000 теңге.

Астықтың тат және септориоз ауруларына қарсы мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен 3,0 мын га егіс алқабына химиялық өңдеу жүргізілді. Жұмсалған қаржы 4993500 теңге.

Ал егістің өсіп –даму кезеңінде бидай, арпа дақылдарына, сүдігерлік алқапқа қарасұлы және басқа зиянды арамшөптерге қарсы авиа және жерсүті бүріккіш машиналар көмегімен 96893 га жерге химиялық өңдеу жүргізілді. Оның ішінде: Авиа әдісімен -22100 га, Жерүсті бүріккіштермен-74793 га, Дақылдар түрлері бойынша:

Егін себу алдында егіс танаптарына -17473 га, бидай -64653 га, арпа-4020 га, қарасұлы арамшөбіне қарсы -14846 га, нұт майлы өсімдігі егісіне -2000 га, зығыр-1586 га, картоп-100 га, сүрі жер танаптарына -7061 га.

Аудан шаруашылықтарындағы егіс алқаптарын жазғы және күзгі зерттеу нәтижесінде мәдени өсімдіктердің аса қауіпті зиянкестерінің қоныстану дәрежесіне қарай, оларға қарсы күресу іс-шараларына 2012 ж. Әдістемелік болжам көлемі анықталды: Үйірлі шегірткелерге (итальян прусы) қарсы 3,1 мың га, жергілікті саяқ шегірткелеріне қарсы 14,0 мың га, астық дәнді дақылдарының арамшөптеріне қарсы күресу көлемі 75,0 мың га, оның ішінде залалды қарасұлы арамшөбіне қарсы 15,0 мың га

**Т.Абилжанов,**
**ҚР АШМ АӨК МИК Нұра ААИ**
**өсімдіктерді қорғау жөніндегі бас маман,**
**мемлекеттік инспектор**

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

**Балықтыкөл ауылының тұрғыны асыл жар, аяулы анамыз Тоғжан Зарубаеваны мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз.**



Тілегің таңғы нұрдың шуағындай,
Ұрпағың өскен жайнап құрағындай.
Аяулы, асыл Ана, біздер үшін,
Той болмас мәртебелі , сірә мұндай.
Немере балдан тәтті балапаның,
Өрісің өнегелі, әр отаудың.
Алпыстың ақ ордасын ашып бүгін,
Бөледің шаттығыңа өркеніңді.
Айтылып өзің жайлы ой кеделі,
Ұлассын ұлағатқа той бедері.
Жүзге кел! Жүзіңізден нұр арылмай,
Әулеттің жапырақ жайған бәйтерегі.

**Құттықтаушы: жұбайы-Уалихан,**
**балалары –Ержан-Мархабат, Ерлан,**
**немерелері Ерсұлтан, Ділназ.** №399

**Нұра ауданы Кертінді ауылының тұрғыны, ардақты анамыз, асыл әжеміз Базылова Бәтима Таласбайқызын 60 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз.**

Бәріміз саялаған алып бәйтеректей аяулы жанды осынау қуанышты күнімен шын жүректен құттықтап, перзенттік пәк тілегімізді арнаймыз. Анашымызға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасына береке, бақыт және молшылық тілейміз.

Өзіңіз мәпелеп өсірген құлындарыңызды, олардан туған немерелеріңізді қызықтап, солардың арқасында шат-шадыман өмір сүре беруіңізге тілектеспіз.



Аяулы ана, қымбатсың білеміз біз,
Елжірейді біз үшін жүрегіңіз.
Қасымызда әрдайым жүре берші,
Мейірімге шүпілдеп гүл өңіңіз.

Ардақты ана, тым артық бізге бағаң,
Сәл көрмесек, көңіліміз іздеп алаң.
Қызықтап немереңмен шөбереңді,
Шаттықпенен жете гөр жүзге де аман.

**Құрметпен: жолдасы – Шотбай, балалары, немерелері мен жиендері.**
**№ 402**

Изенді ауылының тұрғыны, көп жылдар бойы ұстаз болып абыройлы қызмет атқарып келе жатқан **Жалмағанбетова Меруерт Әкімқызын 50** жасқа толған мерейтойымен құттықтап, зор денсаулық, мол бақыт, сарқылмас қуаныш, ұзақ та мерейлі ғұмыр тілейміз.

Елу деген еңселі жас, мәнді жас,
Елу деген ертегі жас, сәнді жас.
Шын көңілден ізгі тілек айтамыз,
Болашақта бола бер деп мәңгі жас.
Көк аспанда күлім қағып күн тұрсын,
Бойдағы арман биіктерге ұмтылсын.
Көңіл –дария кіршіксіз боп әрдайым,
Өмір әмән қыр гүліндей құлпырсын!

**Ізгі ниетпен: құдалары Ерік-Қарлығаш, балалары**
**Жұлдыз-Ерұлан, жиендері: Лунара, Мадина.** №397.

**Изенді ауылының тұрғыны, ардақты ұстаз Искаков Болат Жүнісұлын сердің жасы 50-ге келген мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз.**



Құтты болсын туған күн мерекеңіз,
Арта берсін ырыс-құт берекеңіз.
Алла берген бағыңыз ортаймасың
Әрқашанда көңіліңіз қартаймасын.

Тілейміз ұзақ гүмыр басыңызға,
Тағы да жас қосыңыз жасыңызға.
Қызметте сый-құрметке ие болып,
Ағайын аман болсын қасыңызда.

**Тілек білдірушілер: Нұра орта мектебі ұжымы.** №395

**Поздравляем самого лучшего главного бухгалтера и зав.сектором учета и статистики районных филиалов области**
**Айдархановy Жазиру Мейрамовну**



Дорогая Жазира Мейрамовна!
Мы желаем в день рождения:
Жить с улыбкой, душой молодея,
Каждый день
Красотой наслаждаться
И успехов во всем добиваться!

Добрых встреч и хороших вестей,
Новых планов, любимых друзей!
Пусть наполнится радостью дом,
Счастья Тебе и удачи во всем!

Аңсаған асыл арманға,
Кәміл жетіп қалыңыз,
Жазира жарқын жалғанда
Армансыз мұңсыз болыңыз!

**Нуринский филиал НДП «Нур Отан»** № 403

## ПРОФИЛАКТИКА АРТЕРИАЛЬНОЙ ГИПЕРТОНИИ

Гипертония – это заболевание, которое характеризуется стойким повышением артериального давления в результате нервно-функционального нарушения сосудистого тонуса. Этим заболеванием страдают преимущественно люди старше 40 лет. Но в последнее время гипертоническая болезнь «молодеет», то есть часто ею страдают молодые люди (одинаково часто мужчины и женщины).

Одной из основных причин гипертонической болезни следует считать нервно-психическое перенапряжение, например, длительное волнение большой силы, психическая травма, эмоциональное потрясение, переживания. Кроме того, развитию этого заболевания способствуют курение, атеросклероз. Большой риск развития гипертонической болезни у женщин в период возрастных перестроек, когда происходит изменение гормонального фона (климакс). Не следует забывать и про наследственность.

В начальный период заболевания человек жалуется на слабость, снижение работоспособности, бессонницу, головокружение, головные боли, шум в ушах, тяжесть в голове. Позже отмечается появление одышки при физической нагрузке (бег, подъем на лестницу и т.д.). Объективным признаком является повышение артериального давления (как систолического, так и диастолического) 140/90 мм рт. ст. и выше. Характерным признаком гипертонической болезни является периодическое кратковременное резкое повышение артериального давления – гипертонический криз. Он может длится от нескольких часов до нескольких дней. При этом больной жалуется на сильную головную боль, потливость, ощущение жара, колющие боли в области сердца, тошноту, рвоту. Возникновению гипертонического криза способствуют колебания атмосферного давления, психические травмы и пр.

Профилактика гипертонии:

1. Исключение нервных ( стрессы, счастье) и физических перенапряжений. Даже при возникшей гипертонии исключать физическую нагрузку не следует. Главное, после нагрузок, полностью восстанавливать организм.
2. Сокращение потребления поваренной соли. Люди, часто подсаливающие пищу, болеют гипертонией чаще, чем не подсаливающие. Заметьте, что некоторые продукты, сами по себе, могут содержать много соли.
3. Для укрепления сосудов профилактика атеросклероза.
4. Снижение избыточной массы тела. Обратите внимание: калорийно ограниченная диета способствует понижению давления. Например, после изменения в питании моё обычное давление со 120/80 снизилось до 110/70.

Постоянное же лечение обычно проводят с помощью препаратов "эднит", "эналаприл" и т.п.

Впрочем, препараты постоянно совершенствуются, - обязательно советуйтесь со специалистами.

Предостережение! Ни в коем случае не занимайтесь самолечением! Только врач может ставить диагноз и назначать лечение гипертонии. При лёгкой гипертонии самостоятельно можно использовать травяные мочегонные сборы (лист брусники и т.п.) и препараты, типа панангина, аспаркама в умеренной дозе. Эти препараты содержат калий и магний, которые по своему действию противоположны натрию, - обладают лёгким мочегонным и успокаивающим свойством.

**Г.Даукишева,**
**врач общей практики**
**ВА Акмешит**